



АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Қазақстан-Американдық еркін университеті **2025 жылдың ақпан айында** «Мұғалім мамандығының әлемін аш...» атты 1-ші Өңірлік тұсаукесер Конкурсын өткізетінін хабарлайды.

Конкурсқа қатысу үшін тек өтінім (қазақ немесе орыс тілінде) беріледі. Тұсаукесерді қатысушылар **2025 жылдың 21 ақпанында** жеке өзі ұсынады. Ұсынылған материалдарды қатысушылар бағдарламаға сәйкес конкурс өтетін күні көрсетеді. Бағдарлама берілген өтінімдерге сәйкес құрылады.

Өтінімдер **2025 жылдың 10 ақпанына** дейін қабылданады. Конкурс тек ТЖБ педагогикалық ұйымдарының студенттері үшін өткізіледі.

Өтінімді рәсімдеу үлгісі

1. Тұсаукесер тақырыбы.
2. Қатысушының тегі мен аты, WhatsApp арқылы ұялы телефонның байланыс нөмірі.
3. Жетекші туралы ақпарат – Т.А.Ә. толық, WhatsApp-пен ұялы телефоны, e-mail.
4. Оқу орнының толық атауы.

Бұл өтінім tanya_levina@mail.ru электрондық мекенжайына **2025 жылдың 10 ақпанынан** кешіктірмей жіберіледі.

«Мұғалім мамандығының әлемін аш...» 1-ші Өңірлік тұсаукесер Конкурсына қатысу тегін.

Тұсаукесер дизайнына қойылатын талаптар. Жұмыстар Microsoft Power Point бағдарламасында көрсетілуі керек (электронды презентация). Беттердің (слайдтардың) саны 10-нан кем емес және 12-ден көп емес. Тұсаукесерге енгізілген титулдық парақ міндетті түрде жұмыстың тақырыбын, автордың және жетекшінің Т.А.Ә., оқу орны, қала (елді мекен), жылды қамтиды. Тұсаукесерге конкурс тақырыбы бойынша шағын мәтіндер мен фотосуреттер кіреді. Қазылар алқасы тұсаукесердің жалпы логикасын, тұсаукесерде ұсынылған фотосуреттер мен мәтіндердің сапасын, сөйлеудің дұрыстығы мен мәдениетін бағалайды. Сөйлеу уақыты 5 минуттан аспайды. Әр қосымша минут үшін қазылар алқасы бір ұпайды шегереді.

Бейне көрсетілімге рұқсат етіледі. Бейне көрсетілімге қойылатын талаптар - 5 минуттан аспау керек.

«Педагог мамандығының әлемін аш...» 1-ші Өңірлік тұсаукесер Конкурсының қорытындысы бойынша бірінші, екінші және үшінші орындар белгіленеді. Жеңімпаздар дипломдармен марапатталады. Дипломда жеңімпазды дайындаған жетекші туралы ақпарат болады. Өңірлік Конкурсқа қатысу тегін.

Конкурсты ұйымдастыру комитетінің байланыс деректері

Қазақстан Республикасы, Өскемен қ., М.Горький к-сі., 76, 112 -кеңсе. Тел. 8 (7232) 50-09-91, 8 (7232) 502-941, e-mail: tanya_levina@mail.ru

Электрондық пошта арқылы жіберілген хаттар үшін «Тақырып» жолында «Презентация» белгісін қою керек. Барлық өтінімдер мен баяндамалар **ТЕК ЭЛЕКТРОНДЫҚ ПОШТА арқылы және tanya_levina@mail.ru мекенжайы** бойынша ғана қабылданады.

Ұйымдастыру комитеті материалдар көрсетілген тақырыпқа сәйкес келмесе, қабылдамау құқығын өзіне қалдырады. Бұл конкурстың бағдарламасы мен нәтижелері www.kafu.kz сайтында орналастырылған.

Ұйымдастыру комитеті бұл іс-шараны өткізуге өзгертулер енгізу құқығын өзіне қалдырады.